

"2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы"

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 2272 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 қаңтарда № 3247 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда- Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 02.11.2017 № 2133 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Ақтау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда- Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 02.11.2017 № 2133 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Ақтау қалалық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С.Д. Тулебаева):
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыруды жүргізуді қамтамасыз етсін;

осы қаулының Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.С. Берішбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Трұмов

"КЕЛІСІЛДІ":

"Ақтау қалалық білім бөлімі"

мемлекеттік мекеме басшысы

С.Д. Тулебаева

" 14 " желтоқсан 2016 жыл

Ақтау қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 2272
аулысына қосымша

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда- Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 02.11.2017 № 2133 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы топтар	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны (жеке меншік, мем ұйымдар)			
	Балабақша	Мектепжанындағы толық күн болатын шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын-орталықтар	Дербес тоқ болатын шағын-орт
1-ден 3-ке дейінгі топтар		248		1502
4-тен 5-ке дейінгі топтар	224			
6-дан 7-ге дейінгі топтар	304			
8-ден 9-ға дейінгі топтар	2 7 5			
10 - н а н және одан аартық топтар	10405			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК